# Мәңгілік елдің тұғыры – тәуелсіздік

Мәңгілік елдің ұлы – өсет,
Қызы – қайратты
Халық даналығы.

Мәңгілік ел – әлем тарихында өшпес із қалдырған ел. Оның мақсаты керегесі: биік ел болып, келешек ұрпақтарының жадында қалу. Заман талабына сай ел болу үшін мемлекет жанашырлары өз ерен еңбектерін көрсетіп жатыр. Әлем сахнасында көптеген мемлекеттер өз орындарын алған және ғылыми-инновациялық үрдіс арқылы танылған. Мәңгілік ел атауын алу оңай емес. Мәңгілік ел болудағы ең біріншісі - тәуелсіз және бейбіт ел болу қажет. Осыдан кейін ғана, дамыған елдер қатарында болып, жаһандық салаларға өз үлесімізді қосып, жоғарғы тұғырда қалыптастыруымыз маңызды. Жапонның керемет держаналары сияқты. Олар мәңгілік ел болуға үмтылып, алдыңғы сатыда тұрған экономикасымен бізге белгілі. Мысалы: "Үлкен жетілік" елдері, Еуроодақ елдер, ТМД елдері және т.б.

Дәл осы орайда, болашағы жарқын өз елім – Қазақстан туралы сөз қозғайын. ТМД елдерінің ішіне кіретін, өз ауыр тарихы мен мәдениетін қалыптастырған, қасіретті тәуелсіздікке қол жеткізіп, ата бабаларымыз аманат етіп қалдырған ел – Қазақстан.


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Еліміздің жетістіктері өте көп. Олар: жер көлемі бойынша 9 орында алуымыз, жеріміздің кен-қазба байлықтарына толы болуы және ауыр өнеркәсіптің жандануы, туристтерді қызықтыратын мәдениетіміз, ерекше есте қалар табиғатымыз және басқа салалардың ілгерілеуі. Әрине осындай жетістіктерге жету, көп уақытты және ауыр кезеңдерді талап етті. Оның бірі - тәуелсіздігіміз. Қазақтың керегесін нық түрде қалыптастырған хандар, дау шешкен билер, алып қол бастаған батырлар, зар заман қайраткерлері, ауыр жағдайда шыңдалған мәдениет саласының ардагерлері қаншама. Олардың зор еңбектері еш қашан ұмытылмайды. Келер шаққа көз тігіп, биікке самғауымыз, сол кісілердің жемісі. Ал ендігі кезек - біздің қолымызда. Қиын шақты талап еткен тәуелсіздігімізді сақтау - біздің парызымыз! Сыртқа саясатқа жол тарту үшін ең алдымен ішкі саясатқа көңіл бөлген абзал. Ғылым мен технологияларды, кәсіптік салаларды, экономикамызды көтеру қажет. Ауыр тәжірибелер барысында экологиялық мәселелерді ұмытпағанымыз жөн. 2017 жылы энергия тақырыбына арналған "Экспо-2017" көрмесі өтті. Бұл - біздің ауқымды жетістігіміз. Экология тазалығын қорғауға түрлі шаралар қолдануды дамытуда. Даңқты ел болу жолындағы керемет қадам. Мұнымен тоқтап қалу бізге тән емес. Себебі, президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев өнертапқыштарға үлкен мүмкіндіктер ашты. Дамушы елдер қатарында болғанымызбен,

экономика саласын жоғарлатып, дамытуға аса назар аударып жатырмыз. Ең бастысы - алға қойған мақсаттарымызға қол жеткізіп, мәңгілік ел атануға кірістік.

Сөз соңын қорытындылайтын болсақ, еліміздің жетістіктерін жіпке тізгендей саралап, болашағына болжам жасадық. Артта қалған тамыры терең тарихымызға үңіліп, мәңгілік ел атауын алудағы басты мақсаттарымызды айқындадық. Болашақ-жастардың қолында. Сондықтан, өз елімнің мұратына жетуі үшін өз қолымнан келгенін жасайтын боламын. Еліме жаңа асулар әкеліп, көркейту менің арманым болып табылады.

Жасай бер, самғай бер - тәуелсіз Қазақстан!

2- тапсырма

Достарына, көретін, мақтайтын, тарма-уым, ағымның, жапырақтарына, іліккен, атылы, сытырлатып, сыңқылдесуге.


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

1 тапсырма. Эссе жазу

Мәңгілік елдің тұғыры – тәуелсіздік

Мәңгілік Ел жоспарының ең басты мақсаты неде?

Алдымен осы сұраққа жауап бергім келеді. Яғни, еліміздегі экономика мен демократиялық жағдайды арттыра отырып, дамыған елдер қатарына ену. Еліміздің территориясына тиесілі, жер үсті және де жер асты байлықтарын толық игеру, халық жағдайының өсуіне септігін тигізеді. Негізінен, „Мәңгілік Ел"-жоспарының негізін қалаушы-елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев болып табылады. Оны қазіргі таңда қолға алып отырған Қазақстан Республикасының президенті - Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев.

Мәңгілік Ел - Мәңгілік тарих. Халқымыздың тарихы тереңге жайылған. Сонау ғасырлардағы „Қазақ хандығын" құрған Керей мен Жәнібектен бастау алатын, бай тарихымызға, өзге ел азаматтары қызыға қараса дейтін.

„Бүгінгі күн - ертеңгі тарих". Ел үшін жасаған әр ісіміз, ертеңгі күні тайға таңба басқандай болып қалмақ. Мәңгілік елді құру үшін - Мәңгілік елді қалыптастыратын, білікті де білімді жастарды тәрбиелеп шығару керек. Қазіргі таңда жастарға қойылатын талаптардың бірі де біреғейі - тіл білу. „Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл"-дейді халық арасында.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Еліміздің болашағын қалаушы - жас ұрпақ. Білім мен еңбекқорлықтың маңызды рөл ойнайтынын қазіргі жасөспірімдер түсінеді және осы бойынша жұмыс жасайды.

Еліміздің Тәуелсіздігі үшін күресіп жүрген жастардың ерлігін ауыз толтырып айтуға да болады. Мысалы, жақында орын алған, өзгарыс суық, еске алса жан түршігетін - «Қаңтар оқиғасы». Сол сәтте ел тыныштығы үшін күрескен жастардың көбісі жарығынан қиылып, тағдырларына сол күндері нүкте қойылған болатын. Бұл не деген сөз? Яғни, қай заманда болмасын ел тыныштығы мен тәуелсіздігін ойлайтын адамдар табылады. Мысалға алып қарасақ, сонау 1986 жылы орын алған, қан төгіссіз қалмаған - «Желтоқсан оқиғасы». Сонымен қатар беріде болған - «Қаңтар оқиғасы». Қай кезеңде болмасын елі үшін, жері үшін, қасық қаны қалғанша шайқасатын адамдар табылады. Сол жастарға рух беру үшін қаншама ақын, жазушыларымыз шығармаларын қалдырып кеткен. Мысалы, Жамбыл Жабаев атамыздың «Ленинградтық өренім»-өлеңі, сол кездегі жастар бойына қан жүгірткені анық. Сонымен қатар Мағжан Жұмабаев атамыз айтып кеткендей:

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты.
Қырандай күшті, қанатты
Мен жастарға сенемін!

Жастар - болашақтың көзі, Жастар - Мәңгілік елді қалыптастырушы, жастар - келешек қоғам мен біліктіліктің негізін қалаушылар.

Еліміздің болашағы жарқын болуы үшін - барлық жағдай жасалып отыр, тек оны толағымен адам бойына сіңіру ғана қалып отыр. Болашақ біздің қолымызда. Мәңгілік елді қалыптастыру үшін, барлық халық оған атсалысуы тиіс. Мәңгілік елдің туғының биік болуы - біздің қолымызда!

2 тапсырма. Қарамен берілген сөздерге морфологиялық талдау жасау

1) Дастарына
2) Көрейін
3) Мақтайтын
4) Шаршауды
5) Ағымның
6) Жапырақтарына
7) Тіккені
8) Атты
9) Сыпырматы
10) Шуқпілдесудге



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

„Мәңгілік елдің тұғыры – тәуелсіздік"

Тәуелсіздік оңайлықпен келген жоқ. Тәуелсіздік үшін өз өмірін құрбан еткен ата-бабаларымыз қаншама?! Тәуелсіздігімізді алғалы бері, қазақ елі көптеген жетістіктерге жеттік. Қазіргі таңда Қазақстанның атын шығарып, әлемді мойындатып жатқан қандастарымыз өте көп. Солардың бірі Димаш Құдайбергенұлы. Ол әлемді мойындатқан әнші, Димаш жеке концертін қазақ еліне беріп қана қоймай, Қытай, Ресей мемлекеттерінде де концерт берді. Жас баланы әнші ретінде ғана көрмей, Қытай мемлекеті жарнамаға түсуге де шақырту алып жатты. Ендігісі спорт шыңына шыққан Генадий Головкин мен Денис Тен. Генади „3G" лақап атымен әйгілі болған боксшы, Ол көптеген қарсыластарын ұйықтату әдісімен (нокаутпен) жеңген. Денис мұз үстіндегі биші. Ол 21 жасында қаза тапса да, оның есімі мәңгілік жүрегімізде. Қазақстанның тағы үлкен жаңалығы ЭКСРО-2017 көрмесі. Бұл көрме әлем нарығында жүрді. Көптеген мемлекеттер қызығып, біздің елге саяхаттап келіп жатты. ЭКСРО-2017 көрмесі тек Қазақстанда ғана болды. Біртін келе елімізде „Қарекет" қоры және тағы да басқа қорлар ашылды. Бұл дегеніміз, көп балалалы, жалғыз басты аналарға жәрдем беру, үйсіздерді үймен қамтамасыз ету, жағдайы жоқ отбасыларға көмектесу. Біздің жетістіктер бұлармен ғана шектеліп қалған жоқ.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Ал енді, мүмкіндігіне келер болсам, бізде сүт, айран өнімдеріміз біртіндеп көтерілуде. Егер сол өнімдерді өз елімізде қалыпты алып, шет елдерге шығарар болсақ, еліміздің нарығы өсер еді.

Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылы балаларға „30-кітап" оқу тізімін берген болатын. Егерде қазіргі жастар соттаның интернет жесінің орнына сол кітаптардың бірін оқи болса, білімді жастар көбейер еді. Менің ойымша, оқу бітірген орта буындағы жастарымызды шет елге жіберіпші, өз елімізден жұмыс тауып беру керек. Себебі сол жастар өзге мемлекетті көркейтуге ат салысқанша, өз елімізді көркейтсін деген кереді. Біз болашағымызды ойлауымыз керек. Тағы да айтып өтерім, жастар өзге елге еліктемеңіздер! Қазақи құндылығымызды сақтап қалайық.

Ойымдағы қорытар болсам, мәңгілік елімізді, тәуелсіздігімізді сақтайық, елімізді көркейтуге ат салысайық. Білімді болайық! Мәңгілік ел-жастар қолында! Жетістігіміз көп болсын!

2-тапсырма

1. Достарына; (кім? кімдер? к-і? к-не?)
2. Көргейін; (не істейін?)
3. Мақтайық; (не? не істейік?)
4. Шаршадым; (не? не істе? не-мі?)
5. Жапырақтарына; (не? нелер?)
6. Үйікерей; (не істе?)
7. Аттылы (не?)
8. Сыпырғатын; (не? не істе?)
9. Шіңкілдеуге;
10. Ағашның.

ZMB ZMB ZMB ZMB ZMB ZMB



1-тапсырма

Эссе

Мәңгілік елдің тұғыры – тәуелсіздік

Менің елім – Қазақ елі! Менің елім – Тәуелсіз! Менің елім – Мәңгілік! Мен бұны нақты айта аламын. Қазақстанда туылғаныма қуанатыным сонша, бұл сөзді айғайлап тұрып бар әлемге жар салып айтқым келеді. Бұл мақтануға тұрарлықтай нәрсе емес пе? Менің елім талай қиындықтарды басынан кешіріп, өжеттілікпен, батыл жастарының арқасында, аңсаған азаттыққа қол жеткізді. Тәуелсіздіктің арайлап атқан таңын көру үшін қазақ берілмеді, соңына дейін күресті. Орыстардың ықпалымен күндерін әрең көтеп сол кездегі қазақ өз қалағандарымен өмір сүре алмады. Қазақ елін тілінен де, дінінен де алшақтатқан орыстар, өз білгендерінше момақан елмен үстемдігін жүргізді. Бұл кезеңдерді еске түсірудің өзі де қорқынышты. Сол уақыттағы қазақ жастары біз сияқты бақытты, тоқшылық заманда өмір сүрмесе де өз елін, жерін бар жан-тәнімен жақсы көрді. Тәуелсіздікке жету үшін әрқайсысы өз қолек қолдарын созды. Бес уақыт намазын тыңбай оқыған ата-әжелеріміз елдің тәуелсіздігін бар жүрегімен тіледі. Алладан сұрады. Ақыры Құдай берді! Ол бірден бермеді. Көп қиындықтардан өткен соң, көп сынақтардан соң берді. Азаттықтың арайлап атқан таңын көру маған, сізге, оған бұйырған екен. Мен бұған әрине қуаныштымын. Біз қазір

Өз қалағанымызды жасай аламыз. Өз тілімізде өлең айтып, билей аламыз, домбырамызды қолға алып қалағанымызша күй тарта аламыз, өз тілімізде кітап оқып, қазақ мектептерінде оқып білім ала аламыз, дінімізді ұстанып, бес уақыт намазымызды оқи аламыз. Ең бастысы біз қолымызды жүрек тұсына қойып, желбіреген көк туымызға қарап, Әнұранымызды айта аламыз. Міне бұл - еркіндік, тәуелсіздік, азаттық. Біз бұл нәрселерді жасау үшін ешкімнен рұқсат сұрамаймыз. Себебі біз „Тәуелсізбіз"! Біз осындай тәуелсіз мемлекетте тұрып жатырмыз. Бұл бақыт! Кейде, бұрынғы заманға қайта оралып, сол кезеңнің тыныс-тіршілігін көргім келеді, танысқым келеді. Сол кездегі мендей жастарға рух беріп, еңіреп жылаған аналарымызды, әжелерімізді барып жұбатқым келеді. „Осы беттеріңнен таймаңдар, біз әлі-ақ тәуелсіздік аламыз!",- деп айтқым келеді. Жиылы қауымдарымызды бетпе-бет көріп, „сіздердің ешқандай кінәларыңыз жоқ, өкінбеңіздер, қарсы шығыңыздар, осы әрекеттеріңізді болашақ ұрпақ мақтан етіп, жемісін көреді",- деп айтқым-ақ келеді. Қайрат, Ләззат және тағы да басқа батыр аға-әпкелеріме барып алғыс айтып, маңдайларынан сүйгім келеді. Оларға рух сыйлағым келеді. Қазақ елінің болашағы, қоғам дамытыны туралы нәрселер айтып, еңселерін көтерсем ғой. Уақытты артқа жылжыта алмаймыз. Бұл өмір заңдылығы. Оған қарсы ешкім тұра алмайды.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

ZMB ZMB ZMB ZMB ZMB ZMB


Ендігі біз ойлау керек нәрсе бұл-болашақ! Болашақта не болады оны білмеймін. Бірақ бір білерім менің елім-мәңгілік! Себебі менің елім-азат ел. Менің елім-тұғыры биік ел. Қандай жағдай болмасын бірлігі кетпес ел. Біздің жастарымыз-білімді, қайратты, намысшыл. Олар өз жерін біреуге беріп қойып қарап отырмайды. Себебі біздің ата-бабаларымыз бұл жерді бізге аманат етіп тастап кетті. Біз оңайлықпен айрылмаймыз. Біздің болашақ - жастардың қолында. Ал үлкендер бізге үлкен үміт артып отыр. Біз бұл үмітті ақтайтынымызға сенімдіміз! Мен сенімдімін қазақтың бұрынғы қалпына қайта оралмайтынына! Мен сенімдімін - ақ жаулықты аналардың қайта жыламайтынына! Мен сенімдімін - Әнұранымызды қаламыздың шырқай алатынымызға! Мен сенімдімін - тәуелсіздіктен айрылмайтынымызға. Мен сенімдімін - біз „Мәңгі ел" баласымыз!

Мәңгілік елдің тұғыры - Тәуелсіздік. Ал Тәуелсіздік - біздің қолымызда. Оны уысымыздан шығарып алмауымыз керек. Алақанда аяп сақтауымыз қажет. Оны ешкімге бермеуіміз керек. Керей, Жәнібек бабаларым! Біз сіздер бастап берген елеміз елдің тағдырын өз қолымызға алып, оны жалғастырамыз. Оны ешкімге бермейміз! Біз бұған уәде береміз!

2-тапсырма

1) Достарына - түбірі - дос немесе достар; тар - көптік жалғау; ына - қосымша.

2) Көретін - көр - түбірі; етін - қосымша

3) Мақтайтын - түбірі жоқ, қосымшасын алса - мақта болады; ал бұл сөзге ешқандай қатысы жоқ.

4) Шарлағым - түбірі жоқ; қосымшасын алса сөз басқа мағынаны береді.

5) Ағымның - түбірі - ағым; -ның қосымша.

6) Жапырақтарына - түбірі - жапырақ, -тарына қосымша.

7) Іліккені - түбірі - ілік, кені - қосымша

8) Аттылы - түбірі - ат; -тылы - қосымша

9) Сытырлатып - түбірі - сытыр; -латып қосымша

10) Шұңкілдесуге - түбірі - шұңкіл; -десуге қосымша.

Мәңгілік елдің тұғыры - тәуелсіздік

1991 жылы тәуелсіздігімізді алғаннан кейін, Қазақстан мемлекеті егемен ел болып жарияланды. Тәуелсіз мемлекет атанып, өзіміздің көк туымыз бен әнұранымыз, елтаңбамыз бен валютамыз қалыптасты. Қазақстан Республикасының алғаш президенті болып Н.Ә. Назарбаев сайланды. 1991 жылдан бастап Қазақстан жыл санап қарқынды даму үстінде. Тәуелсіздік Қазақстанның ең үлкен байлығы деп санаймын. Себебі қазақ халқы осы тәуелсіздікке жету үшін көптеген күш жұмсады. Қаншама батыр аға-әпкелеріміз осы тәуелсіздікті аңсап, құрбан болды. Бар күш-жігерін салып, болашақ ұрпаққа, кең байтақ жерімізді аманат етіп табыстауды мақсат етті. Сол батыр аға-әпкелеріміздің мақсаты орындалып, бүгінгі күнде қазақ халқы бейбіт ел болып өмір сүріп жатыр. Еліміздің ең үлкен жетістігі деп осыны айтуға болады. Қазіргі таңда Қазақстан дамыған мемлекеттер арасына қосылуға көптеген мүмкіншілік бар. Мықалы техникалық дамуды арттырса, елімізде көптеген өзгерістер болып, дамуымызға мүмкіншілік көптеп болар еді. Менің ойымша Қазақстанда медициналық техниканы дамытуды қолға алу керек деп ойлаймын. Өйткені қазіргі уақытта елімізде медициналық техниканың аз болуынан, көптеген сырқат адамдар басқа елдерге барып, ем алуда. Егерде өзіміздің елімізде медициналық құрылғылардың табылуы болмағанда, сырқат адамдар өз елімізде ем алуына мүмкіндік болар еді. Шынайы тұрғыда қарайтын болсақ, көптеген адамдардың басқа мемлекетке барып ем алуына қаржы жағынан, қалтасы көтермей жатады. Менімше қарапайым адамдардың да,


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

барынша материалдық жағынан ойлауымыз қажет. Менің ойымша еліміздегі ең өзекті мәселелердің бірі деп осы мәселені айтар едім. Болашақта Қазақстанда медициналық құрылғылардың санын арттырса, бұл мәселе де оңынан шешілер еді. Біздің еліміздің болашағы - жарқын, әрі мықты ел болуына сенім артамын. Өз ойымды қорытындылайтын болсам, Қазақстан мемлекеті мықты ел деп мақтана айта аламын.

2-тапсырма

1) достарына 2) көрейін 3) мақтайтын 4) шаршадым 5) ағатының
6) жапырақтарына 7) ілмекті 8) атпын 9) сыпырлатып 10) шұңқылдеуге

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 2

2-тапсырма

1) Ол кеш бойы кезі ұйқыға кеткенше көңілді болды: көршілерімен әзілме дүкен құрды, достарына [3-е., жұрнақ жалғау] телефон шалды, баласымен домино ойнады. 2) Көрейін [етістік] деп бұрылған едім. 3) Жұрт мақтайтын [етістік] жырау осы. 4) Сен өзі-өзі, мен жүре-жүре шаршадым [түбір, етістік]. 5) Психологиялық атының [1. есім] кейпін салушы Хайман Штейнталь болды. 6) Хамит сол жақтағы бір теректердің қып-қызыл болып қызарған жапырақтарына [зат есім.] қарап келе жатыр еді, аты қомсынып қалды. 7) Аяғымыздың бортқа тіккені [етістік] сол еді, машина селкілдеп қозғала берді. 8) Шеткі үйдің бірінен сақ құлақ ақ қаншық шәу етті, сол сол-ақ екен әр үйден он-ондаған ит қаптап шығып, аттылы [сын есім] кісіге ұмтылды. 9) Ауылдың кезі ұйқыға барған кезде, іргенің шиін сатырлатып [етістік], бір қол керегенің көзінен өтті. 10) Жігіттер ойыннан жалығып, Жұмабек құданың әнін тыңдауға, көбі қасындағы қыздармен шүңкілдесуге [етістік] кіріскен кезде, Жүкенейден жарылмады ма, кім білсін, сол жағындағы құда тұрып тысқа шығып кетті.

## Мәңгілік елдің тұғыры - тәуелсіздік

Тәуелсіз елде өмір сүруіміз үшін қаншама ата-әжелеріміз қан майданда жанын берді. Болашақ ұрпақ біздерді басқа елге тәуелді болып, өздерінің басынан өткен қиындықтарды еліміздің жас бүлдіршіндерінің көріп, олардың да қиналып өсуін қаламады. Сол сәттен бастап көптеген дүниелер өзгерді. Қазақстанның тәуелсіздігіне екі ширектен асқан уақытта, яғни, отыз бір жыл ішінде біраз жетістіктерге жетті. Көптеген қалалар бой көтеріп, мектептердің іргетасы қаланды. Ең бастысы біз өзіміздің ана тілімізде қайтадан сөйлей бастадық. Халық саны көбейіп, еліміздің статистикасы жоғарылады. Еліміздің ең алғашқы президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың арқасында дамыған елу елдің қатарына қосылдық. Көрші елдермен дипломатиялық достық қарым қатынас жасадық. Сауда-саттық жасап, жаңа техника көздерімен танысып, бірте-бірте үйреніп жатырмыз. Осынау кезге дейін ауыз аса айтатындай біраз салалардағы мамандықтар жоғары нәтижеге жетіп жатыр. Еліміздің білім шыңдардан да биікке көрінуі үшін, үздік дамыған 5 елдің бірі болуы үшін әлі де мүмкіндіктеріміз бар. Дәл қазірден бастап еліміздің үміті, болашағы кішкентай бүлдіршіндерді өзі ұнататын саласын таңдатып, тереңдетіп оқытып, сол баланы болашақ үшін, еліміздің көркеюі үшін тәрбиелесе қаншама жетістіктерге жетер едік. Әр бала өз ісінің хас шебері, өз ісінің маманы болар еді. Тіпті, Қазақстанның шикізат көздерін өндіруді, жерді бөлмей қойғанда, сонау ғарышқа шейін жетіп, сол жердегі, тылсым дүниелерді ашатын едік. Болашаққа осынау армандардың орындалуына әлі де кеш емес. Мен де еліміздің патриоты ретінде, болашақ үшін өз үлесімді қосатыныма сенімдімін. Меніңше, 2050 жылға дейін Қазақстан жер көлемі жағынан да, дамыған елдің қатарынан да ең бірінші орында тұрады деп ойлаймын.

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

ZMB ZMB ZMB ZMB ZMB ZMB



Мәңгілік елдің тұғыры - тәуелсіздік

Тәуелсіздік жолында қаншама ата-бабаларымыздың қаны төгілді. Бүгінде, сол кісілердің арқасында тәуелсіз мемлекеттің азаматтарымыз! Қан мен, маңдай термен келген тәуелсіздікті сақтап қалу біздің міндетіміз. Себебі, мәңгілік елдің тұғыры - тәуелсіздік.

Тәуелсіздігі, өз заңы, рәміздері, тілі, діні, өз құндылықтары жоқ ел, ешқашан мәңгілік бола алмайды. Азат елдің ұрпақтары болғандықтан, өз еркіндігімізді сақтап қалу міндетіміз. Бүгінде ел тәуелсіздігінің жетістіктері мол. Бірін айта кетсем, еліміздің бас қаласында өткізілген, ЭКСПО 2017 көрмесі. Бұл болашақтың, мәңгілік елдің болашағының жарқын болатынының дәлелі! Тәуелсіз мәңгілік ел ретінде болашаққа құрылған жоспар, осы ЭКСПО 2017 көрмесінде бүкіл әлемге паш етілген болатын. Осы сияқты жетістіктерді, бар әлемге паш етіп әлемге танымал болдық.

Тәуелсіздік мәңгілік елдің тұғыры. Сол себепті өз тәуелсіздігімізді, тәуелсіз елдің дінін, тілін, құндылығын тарихын сақтап қалуымыз қажет. Біз көп ұлтты елміз, сол себептен қазіргі таңда көп дәстүрлеріміз ұмытылып, тіліміз шұбарланып бара жатыр. Елімізде қанша ұлт өмір сүріп жатқанымен, біздің еліміз - Қазақстан деп аталады. Себебі еліміздің нағыз жанұясы біздіз. Ата-бабаларымыз не үшін тәуелсіздік үшін жанын құрбан етті? Өз тіліміз, тарихымыз, дініміз жоғалмас үшін. Егер біз тілімізді шұбарлап, өз құндылығымызды ұмытсақ қалайша мәңгілік ел бола аламыз? Мәңгілік ел-



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

дің тұғыры - тәуелсіздік. Ал тәуелсіздік дегеніміз діні, тілі, өз байрағы бар азат жалың еленін есте сақтап, болашақта әр уақытта тәуелсіз мемлекет ретінде қадам басуымыз қажет. Сонда ғана мәңгілік ел бола аламыз.

Қорытындылай келе айтарым: тәуелсіздігі жоқ ел мәңгілік ел бола алмайды. Біз болашақта дамыған, озық, елтеңге мұқтаж емес, шынайы тәуелсіздігі бар ел болып қалыптасуымыз керек. Өз азаттығымызды сақтау арқылы ұлы далада мәңгілік ел болып қалыптаса аламыз. Мәңгілік елдің тұғы - тәуелсіздік!

2-тапсырма

достарына

дос - зат есім

тар - көптік жалғау

ы - тәуелдік жалғау III жақ

на - барыс септік

Жүретін

жүр - етістік

Маңдайтын

Тартады

Жапырақтарына

Аттың

Сызылатын

Шыңдалдеу



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

1-тапсырма

Эссе

„Сегіз аяқ" өлеңінің мазмұны мен ұлттық құндылығы

Абай - қазақ әдебиетінің жаңа кезеңін қалыптастырушы, қазақ поэзиясын Еуропа поэзиясының деңгейіне көтеріп, қоғамдық дамуды шын бейнелеп, дұрыс қорытынды шығара білген ақын. Абай сөзі - қазақтың бойтұмары. Ол болашақ қамын көздеді. Ақын „Сегіз аяқ" өлеңінде өзі өмір сүрген қоғамның шындығын айта келіп, адамзаттың біршама мінезін сынға алады. Ендеше, ұлы ғұламаның өлеңде сөз еткен ұлттық құндылықтарына, мазмұнына тоқталып өтейін.

Біріншіден, Абай өзі айтқандай „соқтықпалы, соқпасыз" қоғамда дүниеге келіп, үстем тап орнаған заманда өмір сүрді. Сол себепті ақын „Сегіз аяқ" өлеңінде өзі өмір сүрген заманда ел басқарған би, болыстардың мінездерін ауыр сынға алады. Ұлы ғұлама:

Қайнайды қаның,
Ашиды жаның,
Мінездерін көргенде., -

деген өлең жолдары арқылы ел басқарушылардың болыс болудағы мақсаты халық қамы емес, өз пайдалары екенін ұғындырады. Міне, Абай атамыз осылайша қоғамдағы әділетсіздікті ызамен сөз етеді.

Екіншіден, Абай адамзаттың жағымсыз мінездерін


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

өз өлеңінде арқау етеді. Жалқы адамзатты еңбекқорлыққа үндейді.

Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық,
Аздырар адам баласын., -

деп отырып, тамағы тоқ, жұмысы жоқ адамның азғындамып, қандай күй кешетінін баяндайды. Қазіргі таңда да еңбек қылмай, үкіметке алақан жайып отыратын адамдар да баршылық. Міне, хакім Абай атамыз өз өлеңінде осындай адамдар бойында кездесетін жалқаулық, еріншектік, дүниеқоңыздық сынды жағымсыз қасиеттерді арқау етеді. Осылайша, болашақ ұрпаққа, яғни, мына бізге үлкен ой қалдырды деп ойлаймын.

Қорытындылай келе айтарым, Абайдың „Сегіз аяқ" өлеңі - сол заманның басты мәселелерін қозғаған ұлы туынды. Өлеңнің болашаққа қалдырған ұлттық құндылығы, тәлім-тәрбиесі мол. Абай Құнанбайұлының „Сегіз аяқ" өлеңі қай ғасырда болмасын, өз мән-мағынасын жоймайтын рухани туынды болып қала бермек деп қорытындылаймын.

2-тапсырма

Достарына - зат есім

дос - зат есім, дара, деректі, түбір.

тар - көптік (септ) жалғауының жалғауы

ы - тәуелдік жалғаудың 3-жағы.

на - барыс септігінің жалғауы

Тартадым - етістік
тарта - түбір, етістік
дым - жіктік жалғауының 1-жағы, жалғау

Тақтайтын - етістік
тақта - түбір, етістік.
й - көсемшенің жұрнағы.
тын - жіктік жалғауының 3-жағы.

Ағымның - зат есім
ағым - түбір, зат есім
ның - ілік септігінің жалғауы

жапырақтарына - зат есім
жапырақ - түбір, зат есім
тар - көптік жалғау
ы - тәуелдік жалғауының 3-жағы.
на - барыс септігінің жалғауы.

тіккені - зат есім
тік - зат есім
кен - есімшенің жұрнағы.
і - тәуелдік жалғауының 3-жағы.

көрейін, аттылы, сыбырлатып, түйкілдесуге.

Мәңгілік елдің тұғыры-тәуелсіздік

Ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы- мәңгілік ел. Мәңгілік ел- ұлтымыз- ортақ идеясы, құндылығы.

130-дан астам ұлт өкілдерін бір шаңырақ астына жинаған халқымыздың бар қалауы - мәңгілік ел болу. Сонау, Керей мен Жәнібектен бастау алған ұлы көш 500 жылға жуық уақыттан кейін, өз діттеген мақсатына жетті. 1991 жылы шекарамызды бекітіп, тәуелсіздікке қол жеткізгеніміз тұғыры биік халқымыздың ең үлкен жетістігі болды. Сол уақыттан бері тәуелсіздік бесігінде тербеліп келе жатқанымызға тура 30 жыл. Осы 30 жыл уақыт ішінде еліміз түрлі жетістіктерге қол жеткізді. Талай асуларды бағындырып, өзге елдермен терезесі тең дәрежеде өмір сүруде. Спорт, музыка, өнер- салалары бойынша Азия елдерінде көш бастап тұр. 2017 жылғы „ЭКСПО-2017" көрмесінің өткізілуі, 2012 жылы „Қысқы Азия" ойындарының өткізілуі, БҰҰ, ТМД ұйымдарына мүше болып қабылдануы еліміздің жеткен биік асулары. Мәңгілік ел жолына қадам басқан еліміздің бағындырар шыңы әлі алда.

Мәңгілік ел - жарқын болашаққа қадам басқан, келешегіне сеніммен қарайтын жастары бар, түтіні түзу шыққан ел болу. „Тәуелсіз-


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

дікті алу оңай, ал оны ұстап тұру қиын" деп сіба-самыз айтпақшы тәуелсіздігімізді мәңгілік ету оңай дүние емес. Осы жолда тұңғыш президентіміздің ұйымдастыруымен түрлі шаралар қолға алынуда. Мәселен, „Мәңгілік ел"-идеясы. „Мәңгілік ел" идеясы- өткенімізді тарих сахнасынан өшірмей, қайта жаңғырту болып табылады. Мәңгілік елдің- тарихы терең. Сонау „Орхон- Енисей" жазбаларынан бастау алған „Мәңгілік ел" идеясы бүгінде тамырын кеңге жайып, бізге жетуде. Осы идея жолында өздерінің зор ықпалдарын тигізген ұлы тұлғалар өте көп. Мысалы, қазақтың қанышы - Қаныш Имантайұлы Сәтпаев. Тұңғыш геолог Сәтпаевтың өмірдегі мақсаты- қазақ халқының тілінің, дінінің, экономикасының дамуына үлес қосу болды. Бойымызда осы кісілердің қаны болғандықтан, жас ұрпақ, біздің де мақсатымыз елімізді мәңгілік ету.

Біздің міндетіміз- „Мәңгілік ел" идеясына өз үлесімізді қосу. Қыран бүркітіміз көк аспанда еркін қанат қаққан заманда жастардың мүмкіндігі өте көп. „Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады",- демекші білімпаз жастардың арқасында еліміз жарқын болашаққа қадам басады. Көк туымызды көк аспанда мәңгі желбіретсек, тұғыры биік елімізді кемел болашақ күтеді.

Ойымды қорытындылай келе айтарым, „Мәңгілік

ел" идеясы халқымыздың ортақ идеясы. Барша халық болып, осы идея жолында ат салыссақ, еліміздің мүмкіндігі көп болмақ деген келеді

2-тапсырма

1) Достарына
2) Көрейін
3) Жақтайтын
4) шартады
5) ағамның
6) жапырақтарына
7) тіккені
8) атталы
9) сатарматып
10) шүңкілдесуге.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

1-топ сұрақ.

Эссе

"Мәңгілік елдің мұраты - тәуелсіздік"

Мәңгілік ел - біздің ата-бабамыздан қалған мұра. Қазіргі жастарымыз сол мұраны мәңгілік сақтап қалуымыз керек. Тәуелсіздігімізге биыл 30 жыл толып отыр. Осы аралықта еліміз қаншама белестерді бағындырып, көптеген жетістіктерге жетті. Еліміз 30 жылдың ішінде дамыған 50 мемлекеттің қатарына кірді, бұл да біздің бір жетістігіміз десек қателеспейміз. Жылда болатын олимпиадада да еліміз бос қайтқан емес. Спортшыларымыз жақсы нәтиже көрсетіп, көк туымызды желбіретіп, алтыннан алқа тағынып қайтады. Бұл да біздің жетістігіміз.

Мемлекет қазіргі жастарымызға көптеген мүмкіндік беріп отыр. Сол мүмкіндіктерді жастар тиімді пайдалануы керек. Білімімізді шыңдауға, жетілдіруге мүмкіндігіміз орасан зор. Тіл үйренгіміз келсе де, спортпен айналысуымыз келсе де қазіргі таңда барлық жағдай жасалған. Мемлекет жыл сайын көптеген оқушыларымызға грант бөліп, оқу орындарында тегін білім алуға яғни грантта оқуларына көптеген мүмкіндік беріп отыр. Тек сол мүмкіндікті өзіміз тиімді пайдалана алсақ болғаны. Білім, ілім алуға ешқашан ерінбей, мемлекетіміздің көркеюіне бар үлесімізді қосуымыз қажет.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

еліміздің болашағы жастардың қолында. Жастарымыз оқу қабырғаларында алған білімдерін еліміздің гүлдеп, дамуына пайдалануы керек. Мағжан Жұмабаев атамыз бірден-бір "Мен жастарға сенемін" деп айтып кеткен. Болашағымыз үшін жастарымыз елімізге көптеген жұмыс жасап жүр. Сонымен қатар мемлекетіміздің көркеюіне де өз үлестерін қосуда. Қай саладан болмасын Қазақстанның атын әлемге паш етіп, көк туымызды әлемге желбіретіп жүрген жастарымыз аз емес.

Қорыта келгенде, біз жастар осындай көркейген, дамыған, тәуелсіз мемлекетте өмір сүріп жатқанымызға қуануымыз керек. Тәуелсіздік бізге оңай жолмен келген жоқ. Қаншама ата-аналарымыз біздің болашағымыз үшін, кейінгі жастар тәуелсіз елде өмір сүрсе екен деген мақсатпен өздерін тәуелсіздік жолында құрбан етті. Міне сол кісілердің арқасында қазіргі таңда еліміз аман, жұртымыз тыныш. Өскен жастар сол кісілердің жасаған ерліктерін ешқашан ұмытпай, тәуелсіздігіміздің қадірлеп, қастерлеуіміз қажет. Еліміздің болашағы үшін жақсы оқып, білімімізді барынша шыңдап, аянбай жұмыс жасауымыз керек. Мен өзім қазіргі таңда мектеп қабырғасында оқып жүрмін. Болашақта жақсы маман иесі болып, елімнің, жерімнің дамуы, гүлденуі үшін жұмыс жасағым келеді. Және бұл ұстанымды Қазақстанда тұрып жатқан әрбір

азамат пен азаматша ұстануы керек деп ойлаймын.

2-тапсырма.

Достарына - дос - сөздің түбірі, ына қосымша.
Көрейін - көрейін - көр сөздің түбірі, ей - қосымша, ін - оның есімнің жұрнағы.
Маужайтын - маужа - түбір, й - жұрнақ, тын - болмыс етістігінің жалғауы.
Шаршадым - шарша - түбір, дым - жұрнақ.
Атымның - атым - түбір, ның - жалғау.
Жапырақтарына - жапырақ - түбір - тары - жұрнақ, на - жалғау.
Ілікпені - ілік - түбір, пе - жұрнақ, ні - жалғау.
Сытыр латып - сытыр - түбір, - ылт - жұрнақ, ып - жалғау.


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

„Мәңгілік елдің тұғыры - тәуелсіздік"

Қазіргі кезде өркениет көшіне ілесу экономикалық өрлеу талаптарымен шектелмейді. Сонымен қатар қоғамның рухани-мәдени саласын қайта жаңғыртуды талап етеді. Барлық саласын қайта жаңарумен инновацияға ұмтылудың нақты нәтижелерге қол жеткізу түптеп келгенде адам ресурсына байланысты болады. Мәңгілік елдің дамуына жол ашу - жастардың интеллектуалдық әлеуетін арттыру. Білім болмаса интелектуалдық ұлт туралы сөз қозғаудың өзі артық деп ойлаймын.

Сапалы адамның ресурсының басты екі қажадасы бар. Біріншіден - денсаулығы мықты тұлғалар, екіншісі рухани интеллектуалдық тұрғыдағы субъектілер. Қазіргі кезде адам денсаулығына басты назар аударылып, салауатты өмір салтын насихаттау басты жолға қойылған. Жастардың спортпен шұғылдануына басты барлық жағдай жасалған. Сонымен қатар қазіргі жастар түгелге жуық сауатты. Көбісі жоғары білім алған. Демек, бүгінгі таңдағы интеллектуалді мәңгілік ел қалыптастыру үшін негіз қаланған десе де болады. Бірақ еліміз ұстанған интеллектуалді мәңгілік ел қалыптастыру осы түсінікке барынша сәйкес келгенімен басшылық білімділік талаптарымен өлшенетін таза ақылға ғана негізделмеген.

Бізге көбінесе шығармашылық ойлауды талап


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

ететін, ақылдылық пен тапқырлықты басшылыққа
алатын жігерлі үрдістер қажет. Өнер мен ғылым
қашанда жаңашылдықты қажет етеді, егер өнер туындысы
біреуді қайталайтын болса онда ол өнер емес. Ал
негұрлым тың, мүлде төлтұма, еш қашан қайта-
лануы да мүмкін емес шығармалар пайда болса
онда ол талант деп аталады. Біздің мәңгілік елге
міндетті түрде талантты жандар қажет. Талант-
сыз адам өнер иесі де ғалым да бола алмайды.
Жалпы адамға берген талант пен қабілет қатар
келсе ғылыммен шынайы шұғылданып жетістікке жету
және өнерде дара көріну - интеллектуалды мәңгілік ел-
дің нақты нәтижей болып табылады. Мұндай дарашы-
дықтар мәңгілік елдің бастауы болып саналады.
Қазақ халқының болашағы - бүгінгі ұрпағы. Халықтың
өркениетті елдер санатына қосылуы жастар болашағы-
на тәуелді екені даусыз. Ұлт өмірін өркендетуші
салауатты, рухы, биік, парасатты мәңгілік ұрпақты тәр-
биелеу - біздің басты міндетіміз. Президент жарлығы
бойынша 2019 „жастар жылы" болып бекітілді. Демек
жастар алдында көптеген мақсат, міндеттер тұр. Мы-
на жаһандану кезінде Отанымыздың ертеңгі тағы-
дыры үшін аянбай еңбек ету - жастар міндеті. „Жас-
тар еліміздің болашағы" деген қанатты сөздің қан-
шалықты маңызды екені осы үрдіске сай келеді.

ZMB ZMB ZMB ZMB ZMB ZMB



Мәңгілік елге жету- егеменді еліміздің ертеңі болатын жастардың желбіреген көк туы.
Мәңгілік ел бұл - мәңгілік жастар!



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника    Парақ / Страница № 1.

1. Эссе    Мәңгілік елдің тұғыры - тәуелсіздік

Сан ғасырлар бойы ата-бабаларымыздың арманына айналған тәуелсіздік біздің замандастарымызға бұйырды. Тәуелсіздік әрине бізге оңай келген жоқ еді. Ол үшін де қаншама қан төгіліп, қаншама адам құрбанға ұшырады. Олардың бірі әрі біреуі Қайрат аталарымыз және Ләзат апаларымыз. Ендігі біздің борышымыз аманатқа қиянат қылмай тәуелсіз еліміздi мәңгілік сақтау.

Қазіргі жастардың заман талабына сай болуы мәңгілік елге апарар жол болмақ. Әр заманда өзінің белгілі бір талантары болады. Ал біздің заманда басты талап білім деп санаймын. Еліміздің постиндустриялды болуда үлкен дәлел деп ойлаймын.

Бұрында елді сақтау үшін сарбаздар жорыққа шығып шайқасса, қазір әр ел білім мен техника дамуына өзара атсалысып „шайқасуда". Ендігі дамыған елдер қатарына ғылым мен инновация арқылы қосылу ең үлкен мақсат деп ойлаймын.

Әрине біздің тәуелсіз ел болуымыз бізге көптеген есіктерді ашуда. Алдымызға ұлық мақсаттар қоюға мүмкіндік беруде. Сол себепті бізге мәңгілік ел болуымызда үлкен тұғыр болған тәуелсіздігімізді бағалауымыз керек.

2. достарына (зат есім) ; дос - түбір
зат есім.    тар - көптік жалғау
на - барыс септік жалғау

көремін - етістік
көр - түбір
еміін - І жақ жалғауы, келер шақ.
мақтайтын - етістік, сын есім.
мақта - түбір
йтын - есімше жұрнақ
шаршадым - етістік
шарша - түбір
дым - І жақ жалғау, өткен шақ.
жапырақтарына - дат есім
жапырақ - түбір
тар - көптік жалғау
на - барыс септік жалғауы
ілікекі - етістік
ілік - түбір.
е - көсемше жұрнағы
кі - ІІІ жақ жалғауы.
аттыды - сын есім
ат - түбір
тыды - жұрнақ
сытырлатып - үстеу
сытыр - түбір
лат - жұрнақ
ып - көсемше жұрнағы
шұқкілдеуге - етістік
шұқкіл - түбір
деу - жұрнақ
ге - барыс септік жалғауы.

ZMB ZMB ZMB ZMB ZMB ZMB


„Мәңгілік елдің тұғыры-тәуелсіздік"

Ең бірінші „Мәңгілік Ел" сөзін естісек, болашағы жарқын, мүмкіндігі зор, тәуелсіз, ерекше қабілетті, шынайы ел көз алдымызға елестейді. Мен өз елімді сол „Мәңгілік Ел" дегім келеді. Біздің ел жас мемлекет болсада қазіргі таңға дейін біршама жетістіктерге жеткен. Ең үлкен жетістігіміз біздің тәуелсіз болуымыз, яғни тәуелсіздік алып, тәуелсіз ел атануымыз.

Биыл Тәуелсіздігімізге -30 жыл. Осы 30 жыл ішінде бізбен бірге болған, бізге адал қызмет еткен, бізбен бірге самғаған Н.Ә. Назарбаев. Сол кісінің арқасында осы уақытқа дейін Тәуелсіздігімізді сақтап, дербес ел атанып, шекарамыз бекітіліп, дара, зайырлы ел атанып отырмыз. Тәуелсіздігін ала алмаған қазіргі таңда қаншама ел бар. Соларға қарап біздің ел, халық қаншалықты бақытты сезім кешетінін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Алғаш Тәуелсіздігімізді мойындаған Түркия мемлекеті. Басқада елдер мойындап өз құттықтауларын жеткізген болатын. Тәуелсіз ел атанып өз ана тіліміз, өз конституциямыз, өз елтаңбамыз, өз әнұранымыз қалыптасты.

Одан кейінгі жетістігіміз еліміздің дамыған -50 елдің қатарына қосылуы. Бұның өзі де үлкен жетістік. Дамыған -50 елдің қатарына тәуелсіз, бейбіт, шарайлы, барлық мүмкіндігі бар, болашағы зор елдер ғана қосыла алады. Сонымен қатар ол ел өзге елдерден біршама ілгері болуы қажет, өзге елдерден артықшылықтары болуы керек. Ал біздің ел осындай барлығын игерген бақытты ел. Осыған қарап


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

еліміздің мүмкіндігі зор екенін аңғаруға болады. Мысалы әр халық үшін өзіндік мүмкіндіктер бар. Әр адам өз мүмкіншілігімен жұмыс жасай алады, өзі қалаған өмірді сүре алады. Ал жастарымызға берілген мүмкіндіктер тіптен керемет. Әр бір жас адам өзі қалаған оқу орнында оқи алады, мысалы: Университет, Институт т.б. Одан кейін өзі қалаған жұмысымен айналыса алады. Шет елдерде де оқи алады. Осындай зор мүмкіндіктері бар жастардан біз үлкен үміт күтеміз. Болашақ жастардың қолында болғандықтан жастар үшін бар мүмкіншіліктер жасалынып жатыр.

Қорыта келе Мәңгілік Ел болу үшін, еліміз тұғырлы болу үшін тәуелсіздігімізді сақтап қалу қажет. Тәуелсіз ел атанғаннан кейін жауапкершілікте артады. Тәуелсіздік алу қиын ал сол тәуелсіздікті сақтап қалу одан да қиын. Еркін желбіреген тудың астында өмір сүргеннен кейін әр бір бейбіт күнімізді бағалы. Әрі қарай да бейбіт ел болып қалуымыз үшін талмай еңбек етуіміз қажет, елімізге, еліміздің көркеюі үшін жұмыс жасау қажет. „Мәңгілік елдің тұғыры – тәуелсіздік".

2. тапсырма.

1) Достарына – зат есім, кімге?
Достарына – дос сөз түбірі
Анықтауыш, жақсы, деректі, жалқы, толымды.

2) Көретін – етістік, не істейін?
Көретін – көр түбірі
Пысықтауыш, жақсыз, дерексіз, жалпы, толымсыз.


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Эссе

„Мәңгілік елдің тұғыры — тәуелсіздік"

Мәңгілік ел - мәңгілік ел деген ұғымда өз ойыма Қазақстан мәңгілік ел деген ой келеді. Мәңгілік ел сөзі Баяғы Күлтегін жазуларында бес рет жазылған делінген. Осыған орай ел Астанасы Нұр-сұлтан қаласында мәңгілік ел тұғыры алынған болатын. Мәңгілік ел бізге „Қазақстан - 2030" стратегиясын, „Болашаққа бағдар рухани жаңғыру", „Әскери күштер" айқан болатын. Мәңгілік ел жетістіктері бізде спорт және көрме арқылы деп ойлаймын. Біз өзге елдермен әлі қазір мәңгілік ел болған соң тығыс байланыстамыз. Мәңгілік ел мүмкіндігі өзге елдің мен сауда саттық жасау арқылы мүмкіндігі болады. Қазіргі таңда мәңгілік ел арқылы бізге үлкен жетістіктерге, мүмкіндіктерге, болашаққа жетуге болады. Мәңгілік ел тұғыры әлі осындай керемет болашақ, жастарға деген сенім күтіп тұрған болатынын білуге болады. Мәңгілік деген ұғым жай ғана айтылатын сөз немесе ұғым емес, жүректен ойып орын алатын әр адамның жүрегіндегі жақын сөз деп ойлаймын. Қазақ елі мәңгілік ел деп ойлаймын. Мәңгілік ел жастардың қолында. Бізге мәңгілік елді ата-бабаларымыз қаншама тер, қаншама еңбекпен алып берді. Тәуелсіздік - бізге оңай келген жоқ. Тәуелсіздікті сонау жылдар бойы армандап, сол үшін еңбек атқарып тәуелсіздікті алған болатын. Біз тәуелсіздікті 1991 жылы 16 желтоқсанда алдық. Тәуелсіз ел болғанымызда жаңа алған

болып өзге елдердің арасындағы мұсылман халық Иран мемлекеті мойындаған болатын. Тәуелсіздікті біз Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Әбішұлы Назарбаев Нұрсұлтан атамыздың арқасында алдық. Біз сұрапыл соғыс, қан майдан тәуелсіздік үшін соғысқан заманда өмір сүрген ата-апаларымызға үлкен рахметімізді айтамыз. Егер ол кісілер болмағанда біз әлі осындай дәрежеге жетпес едік. Біз тәуелсіздікті алмай тұрып өзге елдің бодандығында, өзге елдің қол астында тұрушы едік. Қазіргі таңда бізде әнұран, елтаңба, көк туымыз бар. Мен Қазақстан Республикасының азаматшасы болғаныма қуанамын. Біздің өздік тіліміз, көк туымыз бар. Көк туымыз желбіреп, әнұранымыз әр елде шырқалып жатқан кезде біз өзге елден ең жоғары тұрамыз. Қазақстан - тәуелсіз елдің қатарына жоғары санатын мемлекеттердің орнынан ойып тұрып орын алған мемлекет. Мен өз елімен, өз жерімен мақтан етемін. Қазақстан менің үлкен өміріміздің бастауы деп айтсақ қателеспеймін. Өз елім жерім деп өмір сүрген жандарға, өз елінің құрбаны болған жандарға, жастарға сеніммен қарап тәуелсіздікті бізге сыйлаған барлық ата-апаларымызға бас иіп алғыс білдірсекте аздық етеді. Әлі қазіргі таңда Қазақстандықтар өз тәуелсіздігін алғандарына 30 жыл толды. Бұл мейрамға жеткенде жетпегенде арманда. 30 жыл басымыздан қуаныш



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

та да, қайғылы да, жағдайлар өтті. Әр адам өз мемлекетіне жақсылап жасап, оның қандай еңбек пен күшпен білген болса одан асқан бақыт жоқ деп ойлаймын. Бізге тәуелсіздікті алғалы бері өте керемет мүмкіндік бар мен оны былай дәлелдеймін: біздің мүмкіндігіміз қазіргі жастар өзге елдерге сауатын ашуға білімге барады біздің мүмкіндік өзге елге оқуға баруға, сол елдің тілін білуге мүмкіндіктері бар. Тәуелсіздік арқылы „Біріккен Ұлттар Ұйымы" „Достық ассамблеясы" құрылды.

Мен қорытындылай келе: Тәуелсіз елдің болашағы жастардың қолында. Ата-бабаларымыз „мен жастарға сенемін" деп-бекер айтпаған. Мен Қазақстан азаматшасымын деп аузы талтарып, қуанып айта аламын. Мен өз елімe болашақта партратизім орнатқым келеді және де осындай ойда боламын. Тәуелсіздік адамның асыл қазынасы. Тәуелсіздікке артар сеніміміз мол!

2-тапсырма

Достарына - зат есім
Дос - зат есім, түбір
2) Төрейін - сан есім
3) Мақтайтын - сан есім
4) Шартадым - сан есім
шар - сан есім

ZMB ZMB ZMB ZMB ZMB ZMB



5) жапырақтарына – зат есім
жапырақ – зат есім
6) іліккені – етістік
ілік – етістік
7) аттылы – сын есім
ат – сын есім
8) сапарластан –
9) шүңкілдеген – сын есім
шүң
10) ағамның – зат есім
ағам.

ZMB ZMB ZMB ZMB ZMB ZMB



# Мәңгілік елдің тұғыры - тәуелсіздік

*Тәуелсіздік - ата-бабамыз аңсаған сан мың жылдан бергі асыл арманы!*

*Н.Ә. Назарбаев*

Тәуелсіздік - Мәңгілік елдің айқын бейнесі! Тәуелсіздіктің айнымас бейнесі - Мәңгілік Ел болып қалу. Ал Мәңгілік Ел болып қалу үлкен міндет. Қазақстан Тәуелсіз ел атану үшін қаншама кедергілерден өтті. Сол қиындықты бағындыра біліп, ата-бабамыздың асыл арманына қол жеткіздік! Енді сол жетістікті сақтап қалу, оны келесі ұрпаққа мұра етіп қалдыру біздің парызымыз!

Тәуелсіздік жолында қаншама адам құрбан болды. Жан аямай күресті. Ең алдымен, Жоңғар шапқыншылығы кезеңінен бастау алды. Ата-бабамыз келесі ұрпаққа аман-есен осы кең даланы қорғап, бізге жеткізді. Осы жолда қаншама батырларымыз құрбан болды. Одан соң ашаршылық кезеңінеде тап болды. Бұл кезде көптеген қазақтар қырылып қалды. Соның нәтижесінде халық саны күрт азайды. Кейіннен Ресей отарлау саясатына ұшырады. Ол кезеңде қазақ тұлғаларының жаны кетті. Ресейдің отарлау саясатында ақындарымызбен жазушыларымыздың шығармаларының көбісінің көзін құртты.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӨСІПОРНЫ

Қаншама тұлғаларды ұлтшыл деп ату жазасына кескен болатын. Міне, сол кезеңде де қазақ елі ауыр күндерді өткізді.

Кейіннен Желтоқсан көтерілісіне тап болды. Бұл кезде қазақ жастары көтеріліске шығып, Ресейдің қол астынан шығуды талап еткен болатын. Біршама жылдан соң көтерілістің нәтижесінде, Ресейден бөлініп шығып, бөлек мемлекетке айналдық. Тәуелсіздік алу үшін ең алдымен, Түркия елі келісімін берді. Содан соң, басқа елдерде келісім беріп, Тәуелсіз Қазақстан еліне айналдық. Дербес мемлекет болып, өз шекарамызды бекіттік. 1991 жылы 16 желтоқсанда Тәуелсіздігімізді алдық. Бұл күн қазақ елі үшін айтулы күн болып қалды. Міне, тәуелсіздік алғаннан кейін, оны сақтап қалу үшін, көптеген дүниелерді іске асыруда. Соның бір үлгісі "Мәңгілік Ел" идеясы болып табылады. Бұл идея арқылы елімізді жаһандандыруға және сақтап қалуға үлесі зор. Қазіргі Қазақстан үлкен өзгерісте және даму үстінде. "Дамыған 50 елдің" қатарына кірдік. Ендігі кезекте "Дамыған 30 ел" қатарына кіруге жобалар іске асырылуда. Мұның барлығы "Мәңгілік Ел" идеясының арқасында. Сондықтан, әр адам Тәуелсіз ел болып қалу үшін өз үлесін қосу қажет. "Тәуелсіздік - ел тұғыры" деп босқа айтпаған. Сондықтан, әркім азат елде өскенін мақтан ету қажет!

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 3

2-тапсырма

1) Достарына

Дос – зат есім (кім?) , түбір сөз

тар – қатаң жалғау

ына – жұрнақ , ілік септігінің жұрнағы

2) Көрейін – көр – етістік, түбір сөз ; ей – жалғау ; ін – жұрнақ

3) мақтайтын – мақта – зат есім (не?), түбір сөз ; тын – қатаң жалғау

4) шаршадым – шар – зат есім (не?), түбір ; ша – жалғау ; дым – жұрнақ

5) жапырақтарына – жап – етістік , түбір ; ыр – жалғау ; ақ – жалғау ;

тар – қатаң жұрнақ ; ына – ілік септігінің жұрнағы

6) ілікнені – іл – етістік, түбір ; ік – қосымша ; не – жалғау

7) аттыы – ат – зат есім (не?) , түбір ; ты – жалғау

8) сытыршатып – етістік ; ып – жалғау

9) шұңкілдесуге – шұңк – одағай ; іл – жалғау ; де – жалғау .